

"Қазақстан Республикасында түркі тілді мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО-ның және Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның Ұлы Жібек Жолы бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1067

"Қазақстан Республикасында түркі тілді мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО-ның және Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның Ұлы Жібек Жолы бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 3476 U973476_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның Ұлы Жібек Жолының қазақстандық учаске бойынша жобасын қоса атқарушылармен ("Жібек Жолы" компаниясымен) "Жібек жолының" тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және сабақтас дамыту" туралы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағдарламасының жобасын 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әзірлесін және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсынсын.

2. "Жібек Жолы" ұлттық комитетінің қоса беріліп отырған құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті "Жібек жолы" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты жобаларды бірінші кезекте қарауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдерімен бірлесіп, 1997 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде "Мәдениет саласындағы демалысты және қызметті ұйымдастыру" функционалдық тобы бойынша 1997 жылдың 1 қазанына дейін Алматы қаласында мемлекеттік көшпелі өркениет музейін және Алматы облысында "Талқыз" туристік мәдени-этнографиялық кешенін құрсын.

5. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі "Жібек жолы" компаниясымен бірлесе отырып "Жібек Жолы" халықаралық қоғамдық мәдени-білім орталығын құру

үшін құрылтайшылар мен қатысушылар құрамын айқындасын.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясы, Білім және мәдениет министрлігі, "Жібек жолы" ұлттық комитеті "Жібек Жолы" компаниясымен бірлесе отырып 1998 жылдың тамыз айында Алматы қаласында "Жібек Жолы және Қазақстан" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізсін.

7. Қазақстан Республикасының Білім және Мәдениет министрлігі "Жібек Жолы" компаниясымен бірлесе отырып, жыл сайын Жібек Жолы бойынша туризм күнін белгілеу жөнінде ұсыныс енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі 1998 жылға арналған инвестициялық бағдарламада "Талқыз" туристік мәдени-этнографиялық кешенінің құрылысын көздесін,

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының әкімдері, Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы "Жібек Жолы" компаниясымен бірлесіп бір ай мерзімде "Жібек Жолы" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті әкімшілік ғимараттары, қонақ үй кешендері, қонақ үйлер, көлік құралдары, автокәсіпорындар тізбесін айқындасын.

10. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасын - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шаруашылық Басқармасымен бірлесіп бір ай мерзімде туристік кешен және "Жібек Жолы" халықаралық қоғамдық мәдени-білім орталығын құру үшін қажетті үй-жайлардың тізбесін айқындасын.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының және Алматы қаласының әкімдері ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік туристік ұйымның Ұлы Жібек Жолы қазақстандық учаскесі бойынша жобаны атқарушы "Жібек Жолы" компаниясымен осы қаулының 9-тармағында аталған тізбеге сәйкес объектілерді сенімді басқаруға арналған шарттарды 15 жыл мерзімге жасассын.

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі Комитеті 1997 жылы 22-24 сәуір аралығында Тегеран қаласында өткен II халықаралық мәжілістің нұсқауларына сәйкес 1997 жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде Жібек Жолы бойымен туристердің саяхатын жеңілдету мақсатында визалық және шекаралық шарттылықтарды оңайлату жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

13. "ЮНЕСКО-ның "Сұхбаттасу жолы - Жібек жолын кешенді зерттеу (1988-1997 жылдар)" жобасын жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комитетін Қазақстан Республикасының "Жібек Жолы" ұлттық комитеті етіп қайта құру

туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1992 жылғы 21 қаңтардағы N 41 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 3, 38-бап) мынадай

өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы "Жібек Жолы" Ұлттық комитетінің қоса беріліп отырған құрамы бекітілсін" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтың екінші және үшінші абзацтары алынып тасталсын;

3-тармақ алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 7 шілдедегі
N 1067 қаулысымен
бекітілген

"Жібек жолы" ұлттық комитетінің
ҚҰРАМЫ

<*>

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары-
Қазақстан Республикасының
Білім және мәдениет министрі,
төраға

Аманшаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңсесінің
Үкімет шешімдерін әзірлеуді
үйлестіру бөлімінің сектор

менгерушісі, жауапты хатшы

Ұлттық комитеттің мүшелері:

Әбусейітова М.К. - Қазақстан Республикасының Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы
шығыстану институты директорының
орынбасары

Айтжанов М.С. - Қазақстан Республикасының
Ақмола облысы "Қорғалжын
қорығының директоры

Ақаев А.А. - Оңтүстік Қазақстан облысы
"Ақсу-Жабағылы" ЮНЕСКО
биосфералық қорығының
директоры

Баев Н.И. - Қазақстан Республикасының
Экология және биоресурстар
министрі

Байпақов К.М. - Қазақстан Республикасы Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы
Марғұлан атындағы Археология
институтының директоры

Бейсенбаев К.Б. - "Sanat" туристік фирмасының
президенті (келісім бойынша)

Безус Н.С. - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңсесінің
Үкімет шешімдерін әзірледі
үйлестіру бөлімінің аға
референті

Берсток Х. - БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілетті
өкілі (келісім бойынша)

Бұзубаев Т.И. - Қазақстан Республикасы Шекара
әскерлерінің қолбасшысы

Долженков В.А. - Алматы облысы әкімінің
бірінші орынбасары

Досмұхамбетов Т.М. - Қазақстан Республикасының Білім
және мәдениет министрлігі
Туризм және спорт департаментінің
директоры

Дүйсенғалиева К.К. - "Жібек жолы" компаниясының
президенті (келісім бойынша)

Қасейінов Д.К. - Қазақстан Республикасының Білім
және мәдениет министрлігі
Мәдениет департаментінің
директоры

Қасымов Ғ.Е. - Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеден комитетінің
төрағасы

Қуанышев Д.О. - Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің директоры

Лавриненко Ю.И. - Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрі

Левитин В.Л. - Маңғыстау облысының әкімі

Метте В.Л. - Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы
вице-министрі

Насыров Р.Р. - Жібек жолы қазақстандық учаскесінің
жол көрсеткіші анықтамалығының

бас редакторы, публицист-зерттеуші

Есенбаев М.Т. - Қарағанды облысының әкімі

Никитинский Е.С. - "Жібек жолы" компаниясының
вице-президенті (келісім
бойынша)

Сапарбаев Б.С. - Қызылорда облысының әкімі

Тәңірбергенова Г.Т. - Қазақстан Республикасының
Президенті Әкімшілігі Ішкі
саясат бөлімінің сектор
меңгерушісі (келісім бойынша)

Тәкенов Ж.А. - БҰҰДБ-ның орнықты дамыту жөніндегі
аға кеңесшісі (келісім бойынша)

Тоқаев Қ.К. - Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

Тұрғымбаев Ғ. - Қазақстан Республикасы "Алтын-
Емел ұлттық паркінің бас
директоры

Тұрысбеков З.Қ. - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

Тұяқбаева Б.Т. - Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда министрлігі
Құрылыс және сәулет-қала құрылысын
бақылау агенттігінің бас маманы

Тышанов А.Қ. - Жамбыл облысының әкімі

Храпунов В.В. - Алматы қаласының әкімі

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының
Ғылым министрі - Ғылым академиясының
президенті

<*>

Бекбосынов К. - Тараз ескерткіштері қорық-мұражайының
директоры

<*>

Дәмитов К.К. - Қазақстан Республикасы Экономика және
сауда министрінің орынбасары /вице-
министр/

<*>

Жалелов У.К. - Қазақстан Республикасы Білім және
мәдениет министрлігінің Мәдениет
департаментінің мәдениет ескерткіштерін
қорғау мен мұражай жұмыстары
инспекциясының бастығы

<*>

Құлыбаев А. - Қазақстан Республикасы Экономика және
сауда министрлігінің Құрылыс және
сәулет-қала құрылысын бақылау жөніндегі
агенттігінің директоры

<*>

Қозыбаев М. - Ш. Уәлиханов атындағы тарих және
этнология институтының директоры

<*>

Рыскелдиев Т. - "Әзірет-Сұлтан" Түркістан
тарихи-мәдени қорық- мұражайының
директоры

<*>

Ходжаев М. - Отырар археологиялық қорық-мұражайының
директоры

<*>

Хэдлоу М. - ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы
өкілі (келісім бойынша)

<*>

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.08.05. N 1217
қаулысымен.

P971217_